

«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі
Сарыоба ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2025 – 2026 оқу жылы

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ
ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША
КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ

№3 ХАТТАМАСЫ

Күні: 10.11.2023ж.

Қатысқандар, БРАКЕРЖДЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:

1. Мектеп директоры – Даирова Г.С
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –Амангелді.М
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Қызған.Е
4. Әлеуметтік педагог- Абил Нургул
5. Ата-ана – Сәрсенбетова.А.Д
6. Медбике – Стакаева.Н.С

Барлығы: 6 адам

Күн тәртібінде:

1. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау.

2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тыңдалды:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Амангелді.М жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы.

Қараша айында мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Сонымен қатар, 2025-2026 оқу жылының 28 қараша айынан бастап ЖБББ қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар тізіміне ата-анасының өтініші негізінде әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған, көпбалалы, отбасыларынан шыққан оқушылар тізімге қосылды:

Қараша айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 59-ды құрап отыр. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 43 болса, 5-11 сынып оқушыларының саны 16 құрайды.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 4 уақытта ұйымдастырылды. Мысалы:

I ауысым

1А-3Б сынып оқушылар үшін – 09.15 – 09.45

2А-3А сынып оқушылары үшін – 10.05 – 10.40

5-11 сынып оқушылары үшін-11.05—12.00

II ауысым

1Б-2Б-4А сынып оқушылары үшін – 14.30 – 14.45

Мектеп асханасының арендаторы олқылықтардың орнын толтыруға байланысты жұмыс жүргізуге ұсыныстар айтылды.

Мектеп асханасында ата-аналар, ұстаздар, оқушылардың шағымы мен ұсыныстары үшін арыз-шағым дәптері қойылған. Дегенмен, ешқандай арыз-шағым түскен жоқ. Ата-анамен сынып жетекшілер арқылы байланысып, ата-аналардың мектеп асханасындағы ыстық тамақ туралы кері байланыс алып отырмыз. Әзірге, баға-қанағаттанарлық.

2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тексеру комиссиясының кестесіне сәйкес комиссия мүшелері ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша рейдтерді уақытылы өткізді. Қараша айындағы тексерудің нәтижесі төмендегідей.

Мектеп асханасының жұмысын тексеру барысында ыстық тамақтың сапасы белгіленген нормаға сәйкес орындалып жатқанын анықтадық. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан, толық емес отбасындағы, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылған. Жалпы қамтылған оқушылар саны – 59, Бұл оқушылар күнделікті белгіленген уақытта тамақтанып жүр.

Комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексіріс асхана залының

жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнын басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшалары бар. Тамақ жасауға пайдаланатын заттарды алып келетін фирмалармен жасалған келісімшарттардың бар екендігі де тексерілді.

Мектеп асханасының арендаторы олқылықтардың орнын толтыруға байланысты жұмыс жүргізуге ұсыныстар айтылды.

Дегенмен, ешқандай арыз-шағым түскен жоқ. Ата-анамен сынып жетекшілер арқылы байланысып, ата-аналардың мектеп асханасындағы быстық тамақ туралы кері байланыс алып отырмыз. Әзірге, баға-қанағаттанарлық.

Шешімі:


1. Быстық тамақтың сапасын арттыру мақсатында ата-аналардан кері байланыс алынсын.


2. Мектеп асханасындағы олқылықтардың орнын жою үшін мектеп асханасының арендаторына ұсыныстар айтылып, профилактикалық әңгімелесу жүргізілсін.


Қатысушылар:


Бракераждық комиссия мүшелері:

1. Мектеп директоры
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Әлеуметтік педагог
5. Ата-ана
6. Медбике

 Даирова Г.С

 Амангелді.М

 Қызған.Е

 Абил Нургул

 Сәрсенбетова.А.Д

 Стакаева.Н.С